

Отбасы және балалар

№1.2022
қаңтар - ақпан



Суретте: Бидайбекова
Айгуль Кунанбекқызы
(Алматы қаласы)

Семья &
детский сад

Құттықтаймыз!

Алматы қаласындағы МКҚК №159 бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі **Бидайбекова Айгүл Кунанбекқызын** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Айгүл Кунанбекқызы, Сіз өз мерейтойыңызға ерекше қошеметке лайық жетістіктеріңізбен келіп отырсыз. Болашақ ұрпақ тәрбиесінде терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет, мол тәжірибеңізбен құрметке бөленген ұлағатты ұстаз, отбасыңызда мейірімді анасыз. 40 жылғы педагогикалық еңбек жолыңызда қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге толы ірі тұлға ретінде, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абырой беделіңізді атап өткіміз келеді. Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар тілейміз!

Игі тілекпен: МКҚК №159
бөбекжай-балабақшасының ұжымы



Алматы қаласындағы МКҚК №159 бөбекжай-балабақшасының ұжымы

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ, МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Республикалық «Отбасы және балабақша» журналы бүгінде Мектепке дейінгі білім мен тәрбие саласы қызметкерлерінің ғылыми-әдістемелік көмекші құралына айналды. Тәрбиешілер білім жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістермен танысып, өз әріптестерімен іс-тәжірибелерін еркін бөлісе алады. Болашақ ұрпақ тәрбиесі жауапты да маңызды міндет болғандықтан оған үлес қосу баршаға ортақ абыройлы іс. Осынау абыройлы іске өздеріңізбен бірге сүйікті төл басылымдарыңыз «Отбасы және балабақша» журналының ұжымы да өзіндік үлес қосып, материалдардың мазмұнын байытып, көркемдік деңгейін жақсартуға күш салуда.

Құрметті Мектепке дейінгі білім мен тәрбие саласы қызметкерлері, ата-аналар жалпы оқырман қауым, екі тілде (казак, орыс) жарық көретін «Отбасы және балабақша» (индекс 75745) журналына 2022 жылға жазылуды естен шығарып алмаңыздар.

Журналға «Казпочта», «Евразия-пресс», «Ернұр-пресс» баспасөз тарату жүйелерінің бөлімшелері арқылы жазыла аласыздар.



